



**ЖАЛАҚЫ ТЫМ АЗ БОЛСА,
САЛЫҚ ОРГАНДАРЫН КҮТІҢІЗ**

2



**ҰЛТТЫҚ БАС КИІМ
ТОЙДЫҢ ҒАНА СӘНІ ЕМЕС**

4

№17 (757). 1 мамыр, 2026 жыл

Өзгені сынағанша, өзінді түзет!



ҚЫЗМЕТ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ АПТАЛЫҚ ГАЗЕТ

www.kyzmet-gazeti.kz

Газет 2009 жылдың 19 маусымынан шыға бастады



ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІНДЕ МҰХТАР ШАХАНОВ МҰРАСЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

Әлемнің көптеген елдерінде 23 сәуір – ЮНЕСКО бекіткен Халықаралық кітап және авторлық құқық күні ретінде кітапқа ерекше құрмет көрсетілетін, мазмұны терең рухани мереке болып саналады. Бұл күн адамзаттың жазба мұрасын сақтау, білім мен ой-сананың дамуына серпін беру, сондай-ақ кітаптың қоғамдағы ағартушылық рөлін айқындау мақсатында кең көлемде аталып өтеді. Түркі дүниесі үшін де аталған дата парасат пен танымның, ізденіс пен рухани толысудың нышанына айналған маңызды мәдени кезең ретінде бағаланады. Мұндай мәні зор іс-шаралар аясында ұйымдастырылатын түрлі жобалар оқырман қауымның кітапқа деген қызығушылығын оятып, рухани-танымдық дүниелерге деген ынтасын күшейте түседі. Бұл бағыттағы жұмыстар қазіргі уақытта өңірлерде де тұрақты түрде қолға алынып, жүйелі жүргізілуде.

Осы ретте Түркістан өңіріндегі мәдени-ағартушылық қызметтің жетекші орталықтарының бірі – Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасы ұлттық руханияты дамытуға бағытталған ауқымды бастамаларды жүзеге асырып отыр. Әсіресе, кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, жас буынның тарихи танымын кеңейту және рухани құндылықтарға бетбұрысын күшейту мақсатында өткізілетін тағылымды кездесулердің маңызы зор. Сондай мазмұнды іс-шаралардың бірі ретінде 23 сәуір – Ұлттық кітап күні аясында қазақ поэзиясының көрнекті өкілі, қоғам қайраткері, «Қазақстанның Еңбек Ері» атағының иегері Мұхтар Шахановтың өмір жолы мен шығармашылығына арналған рухани-танымдық кеш ұйымдастырылды. «Сана биігіндегі заңғар тұлға» атты әдеби-мәдени басқосу ақынның шығармашылық өлемін жан-жақты танытуға бағыттанып, көрерменге ерекше әсер сыйлады. Кештің басталуының өзі көпшілікке айрықша әсер етті. Өйткені Мұхтар Шахановтың өз дауысымен жазылған үнжазба залдағы атмосфераны бірден ойға жетеледі. Бұл сәт көрермендердің жүрегінде толқыныс тудырып, ақын тұлғасына деген құрметті одан әрі арттыра түскендей болды. Одан кейін сахна төрінде ұсынылған Сайлаухан Жолановтың «Біртұтас» монологы кештің мазмұндық мәнін айқындап, ұлт бірлігі мен адамгершілік құндылықтарды тереңінен қозғайды.

(Жалғасы 3-бетте).



ДОМБЫРАНЫ ҰШАҚҚА АЛЫП КІРУ ЕРЕЖЕСІ ӘЛІ ҚАРАЛЫП ЖАТЫР

Музыкалық аспаптарды қол жүгінде немесе багажда тасымалдау ережесі олардың көлеміне байланысты белгіленеді. Қазақстанда домбыраны әуе көлігімен тасымалдау тәртібіне өзгеріс енгізу мәселесі әлі қаралып жатыр. Бұл туралы Air Astana компаниясының жерүсті қызмет көрсету жөніндегі вице-президенті Александр Небога мәлімдеді.

Оның айтуынша, музыкалық аспаптарды қол жүгінде немесе багажда тасымалдау ережесі олардың көлеміне байланысты белгіленеді. Себебі аспаптардың түрі де, өлшемі де әртүрлі болады. Ірі көлемдегі музыкалық құралдар мен жабдықтар әдетте арнайы қапталып, жүк бөлігінде жеткізіледі.

– Ал шағын музыкалық аспаптарға қатысты талаптар ресми түрде жарияланған және Қазақ-

станда қолданыстағы стандарттар мен нормаларға негізделген. Сонымен қатар, қазіргі уақытта Азаматтық авиация комитеті мен Қазақстанның авиациялық әкімшілігі бірлесіп, қолданыстағы талаптарға өзгеріс енгізу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Соның ішінде домбыраны тасымалдау мәселесі де белсенді түрде талқыланып жатыр, – дейді Александр Небога.

Оның сөзінше, ережелер өзгерген жағдайда Қазақстан аумағында жұмыс істейтін барлық әуе тасымалдаушыларына тиісті нұсқаулық беріледі. Яғни жаңа талаптар барлық компанияларға бірдей қолданылмақ.

Еске салайық, наурызда Қазақстанда ұшақпен музыкалық аспаптарды тасымалдау тәртібін біріздендіру жоспарланып отырғаны хабарланған болатын.

Көлік вице-министрі Талғат Ластаев ұлттық аспаптарға қатысты ережелерді алдағы бір ай ішінде бекіту жоспарланып отырғанын мәлімдеген.

« ҚЫЗМЕТ » ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ЖҮРІП ЖАТЫР. ИНДЕКС: 64295



**АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛҒАН АЛАШ
ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚОЛЖАЗБАСЫ ТАБЫЛДЫ**

7

Мәжіліс депутаттары азаматтарды артық шығыннан қорғап, жеке сот орындаушыларының қызметін қатаң бақылауды көздейтін кешенді өзгерістерді талқылауда. Басты мақсат – жүйені ашық, әділ әрі тиімді ету.



АРТЫҚ ТӨЛЕМСІЗ АЙЫППҰЛ

Айыппұл төлеу жеңілдейді: жаңа өзгерістер қандай

Бүгінде бұл салада бірқатар мәселе бар. Азаматтарға түсетін қосымша қаржылық жүктеме мен жеке сот орындаушыларына бақылаудың әлсіздігі жиі сынға алынады. Осыған байланысты депутаттар кешенді түзетулер әзірледі.

«Атқарушылық іс жүргізуді жетілдіру мәселелері бойынша кейбір заңнамалық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын «AMANAT» партиясының депутаты Дмитрий Колода таныстырды. Егер бұл заң жобасы қабылданса, жеке сот орындаушыларына қойылатын талаптар да күшейтіледі. Енді олар міндетті түрде аттестациядан өтеді.

– Қайта аттестациядан өтпеген жағдайда лицензиясының күші жойылады, – деп атап өтті Дмитрий Колода.

Көмекшілер мен тәжірибеден өтушілерге қойылатын талаптар да күшейтіледі. Ал әділет органдары жеке сот орындаушыларының жұмысын мұқият бақылап, қажет болған жағдайда олардың банк шоттары бойынша мәлімет сұрата алады.

Депутаттардың айтуынша, бұл өзгерістер қабылданса, өндіріп алу процесі ашық әрі тиімді бола түсіп, азаматтардың құқығы жақсырақ қорғалады.

Мектепте смартфон қолдануға тыйым салынуы мүмкін

Мәжілісте қаралған тағы бір мәселе Педагог мәртебесі және білім беру мәселелері туралы заң жобасы. Құжатта орта білім беру ұйымдарында ұялы құрылғыларды пайдаланудың бірыңғай ережесін бекіту ұсынылған.

Депутат Асхат Аймағамбетовтың айтуынша, бүгінде әр мектеп смартфон пайдалану саясатын өз бетінше айқындайды. Депутаттар барлық оқу орындары үшін бірыңғай ереже орнатуды, ал мобильді құрылғыларды қолдану туралы шешім қабылдау құзыретін Оқу-ағарту министрлігіне беруді ұсынды.

ЖАЛАҚЫ ТЫМ АЗ БОЛСА, САЛЫҚ ОРГАНДАРЫН КҮТІҢІЗ

Қазақстанда алимент бойынша борышкерлердің "конверттегі" жалақы дәуіріне нүкте қоюы тиіс жасанды интеллектті қолдану процесі іске қосылады. Мысалы, егер елордадағы білікті инженер ресми түрде "ең төменгі жалақы" алатын болса, жүйе бұл жағдайды автоматты түрде күдікті ретінде белгілейді. Әділет министрлігі бухгалтерлерге арналған push-хабарламалар жүйесін дайындап жатыр, деп хабарлайды Tengrinews.kz тілшісі.

Мәселені Мәжіліс депутаты Магеррам Магеррамов көтерді. Ол 2016 жылдың өзінде-ақ елімізде алимент бойынша берешек шамамен 2 миллиард теңгені құрағанын еске салды. Қазіргі уақытта Әділет министрлігінің мәліметінше, бұл көрсеткіш 18 миллиард теңгеге дейін өскен – бұл тек мерзімі үш айдан асқан қарыздар.

Осыны айтқан Әділет вице-министрі Бекболат Молдабеков министрліктің борышкерлердің нақты табысын анықтауға көмектесетін цифрлық механизмдермен жұмыс істеп жатқанын хабарда етті.

"Егер бұрын қызметкер 70 мың теңге алатынын көрсетіп, қалғанын конвертпен аласа, яғни алиментті ең төменгі жалақыдан төлесе, енді біз былай жасағымыз келеді: жасанды интеллект бізге есептеуге көмектеседі. Мысалы, азамат - инженер, Астанада жұмыс істейді, ол қалайша 200 мыңнан аз алуы мүмкін? Тиісінше, қалған ақшаны конвертпен алуы ықтимал", – деді Молдабеков.

Оның айтуынша, Әділет министрлігі Қар-

жы министрлігімен бірлесіп бухгалтерлерге арналған push-хабарламаларды дайындаған.

"Біз оларға хабарлама жіберіп, қызметкеріңіздің осындай дипломы мен біліктілігі бола тұра өте аз жалақы алатынын айтамыз. Қосымша ақшаны конвертпен беріп отыр деп есептейміз. Әрине, бірде-бір бухгалтер салық комитетінен тексеру келгенін қаламайды", – деді вице-министр.

Молдабеков мұндай жағдайда жұмыс берушілерге қызметкердің нақты жалақысын көрсеткен тиімдірек болатынын, ал алимент мәселесін борышкердің өзі шешуі тиіс екенін атап өтті.

"Біздің міндетіміз - алимент төлемдері нақты сомадан болуы үшін, балалар сол ақшаны алуы үшін цифрландыру мен жасанды интеллектті қолдану", – деді ол.



БИЫЛДАН БАСТАП 10, 20 ЖЫЛДЫҚ КӨЛІКТЕРГЕ САЛЫҚ 30%-ҒА АЗАЯДЫ

Көлік салығы былтырғы айлық есептік көрсеткіш бойынша есептеледі. Еске саламыз салық сомасы қозғалтқыш көлеміне және көлікке иелік еткен уақытқа байланысты анықталады.

Дәлірек айтсақ, жеңіл көліктерге салынатын салық 1 айлық есептік көрсеткіштен басталады. Мәселен қозғалтқышы 1500 текше сантиметрден асса, әр қосымша текше сантиметр үшін 7 теңгеден үстеме қосылады, деп жазады qazaqstan.tv. Яғни, қозғалтқыш көлемі төрт мың текше сантиметрден жоғары көлік иелері мемлекетке 117 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде салық төлейді. Биылдан бастап 10, 20 жылдық көліктерге салық 30%-ға азаяды, ал 20 жылдан асқан көліктер үшін екі есе төмендетіледі.

Егер транспортты жыл ішінде сатып алсаңыз немесе сатсаңыз, салық тек өзіңіз иелік еткен айлар үшін ғана есептеледі.

Соғыс ардагерлері, мүгедектігі бар адамдар, мемлекеттік награда иегерлері және кейбір көпбалалы аналар салықтан босатылады. Ал зейнеткерлерге арнайы жеңілдік қарастырылмаған.


Сондай-ақ, реттеуші аталған күндер аяқталғанға дейін барлық кәсіпкерлер екі үлгінің де вексельдерін қабылдауға міндетті екенін айтты.

"Жаңа және ескі үлгідегі банкноттар олардың қатарлас айналысы кезеңінде заңды төлем құралы болып табылады, ҚР бүкіл аумағында олардың атаулы құны бойынша қабылдауға

міндетті".

Нәліктен ескі вексельдер айналымнан шығарылады

Ұлттық Банк "сақ стилі" банкноттарының жаңа сериясы кезең-кезеңімен айналымға енгізіліп жатқанын түсіндірді. Жаңарту кезінде ескі және жаңа вексельдердің параллель айналым кезеңі қолданылады.



"Бұл дегеніміз, адамдар банкноттардың деректерін сатып алу үшін төлей алады, сонымен қатар оларды жаңаларына айырбастай алады. Осы уақытта банктер жаңа банкноттармен жұмыс істеу үшін банкноттар мен кассалық жабдықтарды орнатады. Бұл тәсіл халық пен бизнес үшін алмасу кезінде асығыс және қолайсыздықты болдырмауға мүмкіндік береді", – деп түсіндірді Ұлттық Банкте.

ӘСКЕРИ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫН АТТЕСТАЦИЯЛАУДЫҢ ЖАҢА ЕРЕЖЕСІ БЕКІТІЛДІ

Қазақстанда әскери және арнайы жоғары оқу орындарына мемлекеттік аттестация жүргізудің жаңа тәртібі бекітілді. Тиісті бұйрыққа Ғылым және жоғары білім министрі 2026 жылғы 22 сәуірде қол қойды. Жаңа ережеге сәйкес, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын жүзеге асыратын әскери арнайы оқу орындары ведомстволық бағынысына қарамастан бес жылда бір рет мемлекеттік аттестациядан өтеді. Аттестациядан өтетін оқу орындарының тізімін уәкілетті орган бекітіп, оны ресми интернет-ресурста жариялайды. Ал жаңадан құрылған әскери жоғары оқу орындары алғашқы аттестациядан алғашқы түлектерін шығарғаннан кейін бір жыл ішінде өтуге міндетті.



Оқу орындары аттестацияның басталатыны туралы бір ай бұрын хабардар етіледі, ал тексеру мерзімі 7 жұмыс күнінен аспайды. Мемлекеттік аттестацияны өткізу үшін уәкілетті орган әскери жоғары оқу орнының білім беру қызметіне объективті баға беретін арнайы комиссия құрады.

МАМЫРДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР НЕШЕ КҮН ДЕМАЛАДЫ?

Биыл мамыр айында елімізде 4 мереке тойланады. Күнтізбелік есепке сәйкес, бес күндік және алты күндік жұмыс аптасымен еңбек ететін азаматтардың демалыс күндері әртүрлі болады. Бес күн жұмыс істейтіндер үшін:

Мамыр айында төрт мерекеде демалыс беріледі.

1 мамыр (жұма) – Қазақстан халқының бірлігі күні;

7 мамыр (бейсенбі) – Отан Қорғаушы күні;

9 мамыр – Жеңіс күні (9 мамыр сенбіден 11 мамыр дүйсенбіге ауыстырылады);

27 мамыр (сәрсенбі) – Құрбан айттың бірінші күні.

ДС	СС	СР	БС	ЖМ	СН	ЖС
				1	2	3
4	5	6	7	8	9	10
11	12	13	14	15	16	17
18	19	20	21	22	23	24
25	26	27	28	29	30	31

Алты күндік жұмыс аптасы үшін:

1 мамыр (жұма) – демалыс, 2 мамыр (сенбі) – жұмыс,

3 мамыр (жексенбі) – демалыс;

7 мамыр (бейсенбі) – демалыс;

9 мамыр (сенбі) – демалыс, 10 мамыр (жексенбі) – демалыс,

11 мамыр (дүйсенбі) – демалыс;

27 мамыр (сәрсенбі) – Құрбан айттың бірінші күніне байланысты демалыс.

Сонда мамыр айында аптасына 5 күн жұмыс істейтіндер 14 күн демалады. Ал 6 күндік кестемен еңбек ететіндерге 9 күн демалыс қарастырылған.

Маңызы бар мереке

ТАРИХПЕН ТІЛДЕСКЕН САПАР: ТҮРКІСТАНДА ТАНЫМДЫҚ ЭКСКУРСИЯ ӨТТІ

Түркістан өңірінде тарихи мұраға тағзым ету дәстүрі әрдайым жоғары бағаланып келеді. Соның айқын көрінісі – 18 сәуір, Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні аясында ұйымдастырылатын тағылымды іс-шаралар. Бұл атаулы күн – тек өткенге көз жүгіртіп қана қоймай, ұлттың рухани тамырын тереңнен танып, тарихи құндылықтарды сақтаудың маңызын ұғындыратын ерекше мүмкіндік. Түркістан қаласында осы күнге орай өткізілген әрбір бастама жас ұрпақтың санасына ел тарихының қадір-қасиетін сіңіруге бағытталған.

дағы сабақтастықты сезінуге мүмкіндік берді.

Іс-шараның мазмұны мен маңыздылығы туралы Ғылыми зерттеу бөлімінің меңгерушісі Ауелбекова Гүлнур Есіркепқызы өз пікірін білдіріп, мұндай экскурсиялардың тәрбиелік мәні зор екенін атап өтті:

– 18 сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күніне орай біз білім алушыларды Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Нәзір Төрқұлов мұражайына апарып, тарихи-мәдени мұраларымызбен таныстырдық. Экскурсия барысында студенттер халқымыздың бай тарихымен, рухани құндылықтарымен жақынырақ танысып, ұлттық мұраға деген құрметтерін арттырды. Әсіресе, Қожа Ахмет Ясауи мұрасымен танысу олардың рухани дүниесіне ерекше әсер етті. Ал Нәзір Төрқұловтың өмірі мен қызметі жастарға үлкен өнеге болды.

Кітапханашы ретінде мұндай іс-шаралардың маңызы зор деп есептеймін. Себебі, кітапта жазылған тарихты көзбен көріп, сезіну – білімді тереңдетудің ең тиімді жолдарының бірі. Осындай экскурсиялар арқылы жастардың тарихи санасы қалыптасып, елжандылық қасиеттері нығая түседі. Алдағы уақытта да студенттерді тарихи орындармен таныстыру жұмыстарын жалғастыра береміз. Өйткені өткенін таныған ұрпақ қана болашағын нық қадаммен құра алады, – деді ол.

Жалпы, мұндай мазмұнды шаралар жас ұрпақтың тарихи танымын кеңейтіп қана қоймай, олардың ұлттық құндылықтарға деген көзқарасын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Экскурсия барысында алынған әсерлер мен жаңа мәліметтер студенттердің ой-өрісін дамытып, туған жерге деген сүйіспеншілігін арттыра түсті. Біздің бұл ойымызды осы сапарға қатысқан студенттердің бірі Түркістан Болашақ жоғары көпсалалы колледжінің ТА-251 тобының студенті Жанна Өтегенова да растап отыр.

– Халықаралық тарихи және сәулет ескерткіштері күні аясында өткен шара мен үшін өте әсерлі болды. Осы күні біз Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барып, экскурсия жасадық. Кесененің тарихи маңызы мен ерекше сәулеті мені қатты таңғалдырды. Әсіресе, оның ішкі көрінісі мен көне элементтері терең әсер қалдырды. Бұл сапар арқылы мен Қожа Ахмет Ясауидің өмірі мен рухани мұрасы туралы көп мәлімет алдым.



Осы маңызды күн аясында Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының Ғылыми зерттеу бөлімінің ұйымдастыруымен «Тарих пен тағылым» атты студенттерге арналған танымдық экскурсия өтті. Аталған іс-шараға Түркістан жоғары медицина колледжі мен «Болашақ» жоғары көпсалалы колледжінің білім алушылары қатысып, тарихи орындармен жақынырақ танысуға мүмкіндік алды. Экскурсия барысында жастар Қожа Ахмет Ясауи кесенесі мен Нәзір Төрқұлов мұражайы сынды тарихи-мәдени нысандарды аралап, олардың тарихи маңызы мен рухани құндылығына терең үңілді. Бұл сапар студенттердің туған ел тарихына деген қызығушылығын арттырып қана қоймай, өткен мен бүгіннің арасын-



Осындай танымдық шаралар студенттер үшін өте маңызды деп ойлаймын, себебі олар тарихымызды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Мен үшін бұл күн ерекше есте қалатын, пайдалы әрі қызықты тәжірибе болды, – деді ол.

Тағы бір қатысушы Түркістан Болашақ жоғары көпсалалы колледжінің ББ-249 тобының студенті Умида Ташметова да өз әсерімен тобының студенті Умида Ташметова да өз әсерімен бөлісіп, экскурсияның танымдық маңызына тоқталды.

– Біз Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне барып, оның тарихымен және сәулеттік ерекшеліктерімен жақынырақ таныстық. Кесененің ұлылығы мен ғасырлар бойы сақталған көркемдігі бізді таңғалдырып қана қоймай, өткен дәуірдің рухын сезінуге мүмкіндік берді. Экскурсия барысында мен Қожа Ахмет Ясауидің өмірі, оның ислам мәдениетіндегі орны мен рухани мұрасы туралы тың деректер білдім. Әсіресе, кесене ішіндегі тарихи жәдігерлер мен көне өрнектер ерекше қызығушылық тудырды. Осындай мәдени-танымдық іс-шаралар жастар үшін өте пайдалы деп есептеймін. Бұл сапар мен үшін тек білім алу ғана емес, сонымен қатар өз тарихыма деген құрметімді арттырған маңызды тәжірибе болды, – деді ол өз ойымен бөлісіп.

«Тарих пен тағылым» тақырыбында өткен бұл экскурсия студенттердің рухани көкжиегін кеңейтіп, туған елдің бай мұрасына деген қызығушылығын одан сайын арттыра түсті. Жастар өткеннің өнегесін танып, ұлттық құндылықтарды қадірлеудің маңызын айқын сезінгендей. Мұндай мазмұнды шаралардың ұлт жадын жаңғыртып, тарихи сабақтастықты нығайтуда өз септігін тигізгі анық. Жастардың туған жер тарихына деген құрметі мен қызығушылығы артқан сайын, ел болашағы да айқын бола бермек.

ҰЛТТЫҚ КІТАП КҮНІНДЕ МҰХТАР ШАХАНОВ МҰРАСЫ ҰЛЫҚТАЛДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Кітапхана қызметкерлері дайындаған «Мұхтар Шаханов рухына арнау» композициясы да көркемдік тұрғыдан жоғары деңгейде орындалып, поэзия мен сахналық қойылымның үйлесімін көрсетті. Әрбір көрініс ақын шығармаларындағы азаматтық үн мен рухани биіктікті айшықтай түсті.

Кеш барысында Қазақстан, ТҮРКСОЙ Жазушылар одағының мүшесі, Қазақстан Жазушылар Одағының Түркістан облыстық филиалының директоры, Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері, ақын Айдар Бастарбекұлына, Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының директоры Жанат Сәдібекқызына және Түркістан облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасының директоры Рысбек Ермекұлына сөз беріліп, олар Мұхтар Шахановтың қазақ әдебиеті мен руханиятындағы орны, оның азаматтық үні мен қайсар қайраткерлік тұлғасы туралы мазмұнды ойларымен бөлісті. Ақын шығармаларының бүгінгі қоғам үшін де өзектілігін жоғалтпағанын, оның әрбір өлеңі ұлттың рухани айнасы екенін тілге тиек етті. Шара аясында кітапхана жүйесінің белсенді оқырмандары



мен үлгілі оқырман отбасыларын марапаттау рәсімі де ұйымдастырылды.

Кештің көркемдік мазмұны да ерекше бай болды. «Желтоқсан ұраны», «Ақ бантик» бейнероликтері арқылы тарихи ке-

зеңдер мен адам тағдырының нәзік иірімдері көрініс тапты. Балалар мен жасөспірімдер орталығының өнерпаздары әдеби-музыкалық композициялар ұсынып, көрермендерге керемет көркемдік әсер сый-

лады. Сонымен қатар, ақынның «Танакөз» поэмасынан үзінділер оқылып, оның махаббат пен адалдық, уақыт пен тағдыр туралы терең философиялық ойлары көрініс тапты. «Махаббатты қорғау», «Кешікпей келем деп ең», «Арыс жағасында», «Ғашықтық ғаламаты», «Өмір өзен» секілді шығармалар кештің мазмұнын толықтырып, әрбір тыңдарманның жүрегіне жол тапты.

Ал ашық микрофон алаңы кештің ең әсерлі кезеңінің біріне айналды. Бұл сәтте қатысушылар еркін форматта ақын өлеңдерін оқып, өз ой-пікірлерімен бөлісті. Әсіресе, жастардың белсенділігі мен поэзияға деген қызығушылығы ерекше байқалды. Олар Мұхтар Шаханов шығармашылығын тек тыңдап қана қоймай, оның мағынасын түсініп, өз өмірлерімен байланыстыра алатынын көрсетті. Шаханов мұрасын кеңінен насихаттаған бұл тағылымды басқосу көпшілікке терең әсер қалдырды. Ол рухани құндылықтарды дәріптеген маңызды кездесу ретінде қатысушылардың әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, ой-танымын кеңейткен мазмұнды іс-шара болды.

Бетті дайындаған
Әлия ӘУЕСБЕКОВА



ҰЛТТЫҢ МӘДЕНИ ДЕҢГЕЙІН КІТАПҚА ДЕГЕН КӨЗҚАРАСЫМЕН ӨЛШЕУ КЕРЕК

Өткен аптада елімізде Кітапханашылар күні мен Ұлттық кітап күні 23 сәуірде қатар аталып өтті. Мұны біз, кітапқа тағзымның, кітапханашыға құрметтің, ұлттың рухани өзегіне бет бұрған саналы көзқарастың белгісі деп қабылдадық.

Кейбір жаналықты естігенде, оны жай ғана ақпарат ретінде қабылдамайсың. Жүрегіңе жақын қабылдайсың. Өйткені ол сенің жаныңдағы, күнде тыныстап жүрген әлеміңе қатысты болады. Мен үшін Кітапханашылар күні мен Ұлттық кітап күнінің 23 сәуірге қатар бекітілуі дәл сондай жаналық болды. Бұл хабарды естіген сәтте, ішімнен: «Иә, дәл осылай болуы керек еді», – дедім. Себебі кітап пен кітапханашыны бір-бірінен бөліп қарау мүмкін емес.

Кітапты рухтың азығы десек, кітапхана – сол рухани азықтың ордасы. Ал кітапханашы – сол орданың үнсіз шырақшысы. Көп жағдайда біз қоғамға көзге анық көрінетін еңбекті ғана бағалап үйреніп кеткендейміз. Ал кітапханашының еңбегі көбіне тыныштықтың ішінде, сөрелердің арасында, оқырманның жан дүниесіне жол тауып жатқан сәттерде байқалады. Бірақ сол тыныштықтың өзінде үлкен қызмет, үлкен жауапкершілік, үлкен сауап бар.

Мен кітапхананы ешқашан жай ғана кітап тұратын орын деп қабылдаған емеспін. Кітапхана – мен үшін мінез тәрбиелейтін мекен. Адамды сабырға шақыратын, ойлануға үйрететін, ішкі әлемін байытатын кеңістік. Кейде өмірдің қарбаласынан шаршаған сәтте, кейде рухани тірек іздеген кезде, кейде бір жауап таппай дағдарған кезде адамды қайта өзіне алып келетін де осы кітап әлемі. Ал сол әлемге есік ашып беретін жан – кітапханашы.

Біз кейде кітапханашының қызметі тек кітап беріп, кітап қабылдап отырумен шектеледі деп түсінеміз. Шын мәнінде олай емес. Кітапханашы – оқырман сұранысын танытын, баланың қолына дұрыс кітап ұстататын, жасөспірімнің талғамын қалыптастыратын, үлкеннің ізденісіне бағыт беретін, тұтас бір рухани көпір салатын тұлға. Ол – кітап пен адам арасындағы байланысты сақтап тұрған алтын арқау. Сондықтан Кітапханашылар күні мен Ұлттық кітап күнінің бір күнге тоғысуында үлкен символдық мән бар деп ойлаймын. Бұл – кітапқа берілген құрмет пен кітапханашыға көрсетілген ілтипаттың бір арнада тоғысуы. Бұл – руханиятқа жасалған тағзым. Бұл – қоғамға «кітапсыз болашақ жоқ» деген үнсіз, бірақ өте анық айтылған ой.

23 сәуірдің тағы бір ерекшелігі – бұл күннің ЮНЕСКО бекіткен Халықаралық кітап және авторлық құқық күнімен сәйкес келуі. Мұның өзі бұл мерекенің аясын кеңейтіп, мәнін тереңдетіп түседі. Демек, бұл күн енді тек кәсіби мереке немесе атаулы күн ғана емес. Бұл – кітапқа құрмет білдіретін, сөзге жауапкершілікпен қарайтын,

рухани құндылықтарды бағалайтын барша жұрттың ортақ мерекесі.

Меніңше, ұлттың мәдени деңгейін биік ғимараттарымен емес, кітапқа деген көзқарасымен өлшеу керек. Кітап оқылмайтын қоғамда ой жұтандайды. Ой жұтандаған жерде сөздің қадірі кетеді. Ал сөздің қадірі кеткен жерде руханият әлсірейді. Сондықтан кітапқа жақындау – ұлт ретінде кемелденуге ұмтылу.

Бүгінде технология дамыды, ақпарат көбейді, уақыт жылдамдады. Бірақ осының бәрі кітаптың орнын алмастыра алған жоқ. Себебі кітап тек ақпарат көзі емес, ол – адаммен сырласатын дүние. Ол саған дайын жауап бермейді, бірақ дұрыс сұрақ қоя білуге үйретеді. Ол сені асықтырмайды, бірақ ішкі тереңдігіңе үнілдіреді. Ол сенің көзіңді ғана емес, көңіліңді де ашады. Осындайда кітапхананың қоғамдағы орны тіпті айқын сезіледі. Оның жұмысы кейде көрінбеуі мүмкін, бірақ оның қоғамға әсері өте терең. Өйткені бір баланың кітапқа қызығуы, бір жастың әдебиетке бет бұруы, бір адамның рухани жұбаныш табуы – осының бәрінің артында кітапхана тұруы мүмкін.

Мен 23 сәуірдің енді қос мерекенің ортақ күні ретінде аталып өтуін өте орынды шешім деп қабылдаймын. Бұл – кітапханашылардың мәртебесін көтеретін, кітап оқу мәдениетін күшейтетін, қоғам назарын рухани байлыққа бұратын маңызды қадам. Ең бастысы, бұл шешім бізге кітаптың қадірін тағы бір рет тереңірек сезінуге мүмкіндік береді.

Кейде маған кітап оқитын адам мен кітап сүйетін қоғам ешқашан жоғалмайтындай көрінеді. Себебі кітап бар жерде сана бар. Сана бар жерде таңдау бар. Таңдау бар жерде болашақ бар. Ал сол болашақтың шырағын сөндірмей ұстап тұрған жандардың бірі – кітапханашы. Сондықтан мен үшін 23 сәуір күнтізбедегі дата ғана емес, бұл – руханиятқа құрметтің күні. Бұл – кітапқа тағзымның күні. Бұл – кітапханашының еңбегін шын жүректен мойындайтын күн.

Кітаптың иісін жанымен сезетін, сөредегі үнсіз дүниенің артында ұлттың жанды көре алатын адам ғана кітапхананың қадірін шын түсінеді. Бізге дәл бүгін сондай түсінік, сондай құрмет, сондай сергек сана керек. Егер ұлттың ертеңі жарқын болсын десек, ең алдымен кітапқа жақын болуымыз керек. Егер руханиятымыздың тамыры терең болсын десек, кітапхананың шамының өшірмеуіміз керек. Уақыт өзгереді, дәуір алмасады, технология жаңарады. Бірақ адамзатты адам етіп қалдыратын бір құдірет бар. Ол – кітап, ол – руханият, ол – кітапхананың тынысы.

Дана ТАЛҒАТҚЫЗЫ,
Қазығұрт аудандық кітапхананың
кітапханашысы

ҰЛТТЫҚ БАС КИІМ ТОЙДЫҢ ҒАНА СӘНІ ЕМЕС

Қазақ қыздарының бас киімі дегенде бүгінде көз алдымызға той елестейді. Олай болатыны ұлттық бас киімді тойда көреміз. Кейде 40-тан асқан әйелдердің тақия кигенін болмаса үкі тағып алғанын көріп бетімізді басатын кездер де кездеседі. Мұның бәрі бас киім тарихын білмеуден туындап жатыр десек, жаңылыспаймыз. Ұлттық бас киім тойдың сәні емес, тәрбиенің мәні. Ол жас ерекшелігіне, әлеуметтік орнына қарай түрленіп отырған. Әсіресе, бойжеткен шақта киілетін үкілі тақия – қыздың балалықтан бойжеткендікке қадам басқанын білдіретін нышан. Үкінің қауырсыны ежелден киелі саналған. Ол жамандықтан қорғайды, тіл-көзден сақтайды деген сенім бар. Сондықтан тақияның төбесіне тағылған үкі қыздың пәктігін қорғаған тұмардай қабылданған.

Үкілі тақия – жеңіл де әсем, нәзік те жарасымды. Қыздың талшыбықтай мүсініне үйлесіп, оның қимылын көркемдей түседі. Бұл – қыздың жастық шағының символы, кіршіксіз көңілдің көрінісі.

Құндызды бөрік – қазақ қыздарының салтанатты бас киімі. Құндыз – бағалы аң терісі, байлық пен мәртебенің белгісі. Мұндай бөрік көбіне ұзатылар қызға, той-думанға немесе ел ішіндегі үлкен жиындарға арнайы тігілген. Оның жиектері алтын жіппен зерленіп, төбесі барқыт, мақпалмен көмкерілген.

Олай болса, қазақ қызының үкілі тақиясы – жастықтың жыры, құндызды бөрігі – салтанаттың сыры десек, қате айтпаймыз. Осы екі бас киім арқылы халқымыз қыз тәрбиесінің тереңдігін, сұлулыққа деген талғамын, рухани байлығын айқын көрсете алған. Сондықтан ұлттық бас киімдерімізді ұлықтау – өткенді құрметтеу ғана емес, келешекке аманат.

Ұлттық киім – ұлттың айнасы. Ал сол айнадан қазақ қызының үкісі желбіреп, құндызы жарқырап тұрса, бұл – халқымыздың көркем рухының мәңгі жасайтынының белгісі.

Ләззат КӘДІРБЕК,
Әдет-ғұрып және салт-дәстүр
орталығы, Шымкент қаласы

ОЮ-ӨРНЕК – МАҢЫЗДЫ МӘДЕНИ КОД

Бүгін біз кілемдерге салынатын ою-өрнектер туралы айтамыз. Бүгінге дейін философиялық белгілері мен идеялық мәнін жоймаған бағалы үй бұйымдарының бірі – кілем. Қалып кілем, жібек кілем, масаты кілем, құлпырма кілем, тақыр кілем, түкті кілем. Кілем қазақтың топырағында бұдан мыңдаған жылдар бұрын өнер шеберлерінің ой қазынасынан туындап, шеберлердің қолымен жасалып, онда оюлардың түрлері мен атаулары толық қолданылған.

Қазақ халқының дәстүрлі мәдениетінде ерекше орын алатын ою-өрнек тек сәндік элемент қана емес, халықтың дүниетанымы, рухани құндылықтары мен тарихи тәжірибесін бейнелейтін маңызды мәдени код болып табылады, тарихы көне түркі дәуірінен бастау алады. Археологиялық деректер мен этнографиялық зерттеулер олардың сақ, ғұн және түркі мәдениеттерімен тығыз байланысты екенін дәлелдейді.

ланған.

Өсімдік тектес ою-өрнектер жапырақ, гүл, шытырман тәрізді бейнелер табиғаттың жаңаруы мен өмірдің үздіксіздігін білдіреді. Бұл өрнектер көбіне әйелдер колөнерінде кездесіп, нәзіктік пен үйлесімділікті бейнелейді.

Геометриялық ою-өрнектер – тік сызық, ирек, шеңбер және үшбұрыш тәрізді элементтер кеңістік, уақыт және мәңгілік ұғымдарымен байланысты.



ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ НЕГІЗГІ
ТҮРЛЕРІ ҚАНДАЙ?

Зооморфтық ою-өрнектер жануарлар бейнесіне негізделген. Мысалы, қошқар мүйіз – ең кең таралған оюлардың бірі. Ол молшылықтың, берекенің, күш пен өміршеңдіктің символы болып саналады. Түйе табан, ит құйрық секілді өрнектер де мал шаруашылығымен байланысты дүниетанымыды көрсетеді.

Қазақ төрт түліктің, аң мен құстың түр-тұлғасының сұлу бітімін тани біліп, олардың бейне-бедерлерін ежелден-ақ колөнерде қолдана білген. Сол өрнектердің ішіндегі ең кең тарағаны мүйіздерді бейнелеу еді. «Қошқар мүйіз», «қос мүйіз», «сынық мүйіз» секілді өрнектің барлық түрлері мен композициясын кеңінен қолданған. Ал, «Түйе мойын», «құс қанаты», «қаз мойны» бейнелерін үй заттары, жиһаз, қару-жарақ бұйымдарын безендіруге пайда-

Ирек су өрнегі – өмір ағысының, қозғалыстың белгісі.

Ою-өрнектер арқылы ата-бабамыз жас ұрпаққа әдеп, еңбекқорлық, табиғатты құрметтеу секілді құндылықтарды сіңіріп отырған. Сонымен қатар әр өрнек белгілі бір әлеуметтік мағынаны да білдіріп, адамның жасына, жынысына немесе әлеуметтік мәртебесіне байланысты қолданылған.

Қазақ ою-өрнектері – халықтың дүниетанымы мен рухани мәдениетінің көркем бейнесі. Әрбір ою белгілі бір символдық мағынаға ие болып, ұрпақтан-ұрпаққа мәдени ақпарат жеткізу қызметін атқарады. Ою-өрнектерді ғылыми тұрғыдан зерттеу ұлттық мұраны сақтаудың маңызды жолы болып табылады.

Айман МИРЗАБЕКОВА,
«Ұлы Дала Елі» орталығы,
ғылыми қызметкер



ЫНТЫМАҚ ПЕН ТАТУЛЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ – БІРЛІК КҮНІ

Қазақстан үшін 1 мамыр тек күнтізбедегі дата емес, бұл – көпэтносты халқымыздың өзара құрметі мен шынайы достығын айшықтайтын айрықша мереке. Бұл – Қазақстан халқының бірлігі күні. Иә, кең байтақ қазақ жерінде тұрып жатқан 150-ден астам ұлт пен ұлыс өкілдерінің киелі шаңырақта тату-тәтті ғұмыр кешуі үшін ауызбіршілік, береке мен ынтымақ сынды қасиеттердің орны орасан. Сондықтан бұл келіп жеткен мейрам мән мен мағынаға ие.

Аталған мерекені кең көлемде атап өтуге бірнеше тарихи оқиғалар бастама болған. Ендеше сол себеп болған оқиғаларды бір шолып өтелік. 1 мамыр мейрамын ең алғаш ойлап тапқан большевиктер яғни, Чикагода ереуілге шыққан жұмысшылар екен. Олар 1886 жылы 1 мамырда АҚШ-тың Чикаго қаласында жұмысшылар наразылыққа шықты. Басты талабы жұмыс уақытын күніне 8 сағатқа дейін қысқарту болатын (ол кезде адамдар күніне 12-15 сағат жұмыс істейтін). Ал 1889 жылы Парижде өткен II Интернационалдың конгресі Чикаго жұмысшыларының ереуілін еске алу мақсатында 1 мамырды «Бүкіл дүниежүзілік жұмысшылардың ынтымақтастығы күні» деп жариялады.

Негізінен бұл бірлік күнінің тарихи тым тереңде жатыр. Үш мың жыл бұрын ежелгі Италия тұрғындары жердің камқоршысы әйел құдай Майяға табынған. Майяны Құдай деп танып, оны жердің гүлденуі мен көктемнің жебеушісі деп санаған. Соның құрметіне көктем мезгілінің соңғы айын «май» деп атап, сәйкесінше серуендеп, түрлі той жасаған.

Бұл күн әлемнің 140-тан астам елінде тойланады. Кейбір елдерде бұл «Еңбек күні» (Labor Day), кейбірінде «Көктем мерекесі» деп аталады. Әлемнің көптеген елдерінде де мамыр айы әртүрлі мәдени мағынаға ие. Мысалы, Англияда «May Day» дәстүрі бойынша адамдар гүлденген ағаштар айналасында би билеп, көктемнің келуін ерекше шаттықпен қарсы алған. Бұл күні жастар түрлі гүл шоқтарын тағып, ауыл алаңдарында мерекелік шерулер ұйымдастырып, табиғаттың жаңаруын атап өткен.

Сонымен қатар, Еуропаның кейбір аймақтарында «Мамыр бағанасын» (Maurole) орнатып, оның айналасында түрлі ұлттық билер орындалады. Бұл дәстүр көктемнің келуін, табиғаттың оянуын және өмірдің жаңаруын бейнелейді. Бүгінде бұл мереке Ұлыбританияның бірқатар өңірлерінде, сондай-ақ Еуропаның өзге елдерінде халықтық фестиваль ретінде сақталып, мәдени-танымдық сипатта өткізіліп келеді. Ал тәуелсіз Қазақстанда бұл мереке 1996 жылдан бастап тойлануда. 1 мамырды «Қазақстан халқының бірлігі күні» деп жариялау туралы бұйрыққа ҚР тұңғыш президенті Н.Назарбаев 1995 жылдың 18 қазанында қол қойды. Содан бастап нақ осы күні елімізде тұратын халықтарды бірлікке, ынтымаққа ұйытатын түрлі мерекелік шаралар өткізіліп келеді және де әр азамат мерейлі мерекенің ауқымын түсінеді. 1995 жылдан бері ұлттаралық татулықты нығайтуды мақсат тұтқан Қазақстан халқы Ассамблеясы жұмыс істеп келеді. Қазіргі күні жүз елуден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бір тудың астында тату-тәтті өмір сүріп, дәстүрлі мерекені өз деңгейінде тойлайды.

1 мамыр – тек тарихи немесе мерекелік күн ғана емес, ол әлем халықтарының еңбекке, бейбітшілікке және өзара сыйластыққа деген ортақ құндылықтарын біріктіретін маңызды дата. Әр дәуірде әртүрлі мазмұнда аталып өтсе де, бұл күннің негізгі идеясы ынтымақ пен бірлікті дәріптеу болып қала береді. Қазақстан үшін де бұл мереке қоғамдағы тұрақтылық пен татулықтың, көпэтносты елдің берік келісімінің жарқын көрінісі. Сондықтан 1 мамыр – халықтар достығын нығайтып, ортақ болашаққа деген сенімді күшейтетін ерекше күн.

Есбол АСЫЛБЕКОВ

ДОСТЫҚТЫ ДӘРІПТЕГЕН МЕРЕКЕ

Әр ұлттың үні үндесіп, жүрегі бір соққан елде бірлік – ең басты құндылық. Бұл күн бейбіт өмір мен қоғамдық келісімнің, ортақ мақсат пен мүдденің тоғысқан сәтін білдіреді. Тәуелсіз Қазақстанның басты жетістіктерінің бірі – түрлі этнос өкілдерінің бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп, бір-бірінің мәдениеті мен дәстүрін құрметтей білуінде. Осындай жарасымды ынтымақ пен өзара түсіністік ел дамуының берік негізіне айналып отыр. Осы орайда Түркістан өңіріндегі этнос өкілдері мерекеге орай өз ойларымен бөлісіп, ізгі тілектерін жеткізген еді.

Надржон ХАСАНТАЕВ,
«Ассамблея жастары»
РҚБ Түркістан
облыстық өкілдігінің
төрағасы, өзбек
этносының өкілі:



– Қазақстандағы этностар арасындағы достықты қалай бағалайсыз?

– Мен Қазақстандағы этностар арасындағы достықты ерекше мақтанышпен бағалаймын. Көпэтносты қоғам бізге тек әртүрлілік емес, үлкен мүмкіндік береді. Әр ұлттың мәдениеті мен дәстүрі бір-бірін байытып, қоғамымызды рухани тұрғыдан күшейтеді. Күнделікті өмірде көршілерімізбен, достарымызбен өзара сыйластық пен түсіністік орнаған. Өз тәжірибемде түрлі этнос жастарының бір мақсат жолында бірігіп, қоғамға пайдалы жобаларды жүзеге асырып жүргенін көріп жүрмін. Бұл – бірліктің нақты дәлелі. Осындай татулықтың арқасында еліміз дамып, болашағы жарқын боларына сенім мол. Барша қазақстандықтарға бейбіт өмір, ынтымақ пен береке тілеймін!

Хинизов Алипаша Агапашаұлы,
Түркістан облысы ҚХА
жанындағы Сарыағаш
аудандық түрік
этномадени қоғамдық
бірлестігінің төрағасы,
түрік этносының өкілі:



– Сіз үшін бірлік деген не?

– Мен үшін бірлік – бұл тек ұғым емес, ол – адамдар арасындағы шынайы сенім мен құрметке негізделген өмір салты. Әртүрлі этностардың татулығы – қоғамдағы тұрақтылықтың кепілі. Біз Қазақстанда бір шаңырақ астында өмір сүріп, ортақ мақсаттарға бірге ұмтыламыз. Қоғамдағы келісім мен өзара қолдау елдің дамуына жол ашады. Бірлік бар жерде күш бар, болашақ бар. Сондықтан әрқайсымыз осы құндылықты сақтауға атсалысуымыз керек. Барша жұртқа амандық, елге тыныштық, бірлігімізге береке тілеймін!

Елена СТРЕБКОВА,
Түркістан
облыстық славян
этномадени
бірлестігінің мүшесі,
славян этносының өкілі,
қазақтың келіні:



– Бұл мереке сізге қандай көңіл-күй сыйлайды?

– 1 мамыр – мен үшін ерекше жылулық пен шаттыққа толы мереке. Бұл күн адамдардың бір-біріне деген құрметі мен алғысын терең сезіндіреді. Қазақстандағы түрлі мәдениеттердің бірлігі мен татулығы мені әрдайым шабыттандырады. Қазақ отбасына келін болып түсіп, осы халықтың тілін, салт-дәстүрін үйрену – мен үшін үлкен бақыт әрі мақтаныш. Өзімді осы елдің бір бөлшегі ретінде сезінемін. Бұл мереке жүрегіме қуаныш пен сенім ұялатады. Барша қазақстандықтарға денсаулық, бақыт, татулық тілеймін! Әр шаңырақта қуаныш пен береке орнасын!

Рамила МУСТАФАЕВА,
«Түркістан облыстық азірбайжан этномадени бірлестігі» қоғамдық бірлестігінің төрайымы, азірбайжан этносының өкілі:



– Қазақстан сіз үшін қандай ел?

– Қазақстан – мен үшін қасиетті де қымбат Отан. Бұл елде мен өзімді еркін, қауіпсіз әрі бақытты сезінемін. Осындағы бейбіт өмір мен тұрақтылық – әр азаматқа үлкен мүмкіндік. Біз түрлі ұлт өкілдерімен бір отбасының мүшесіндей тату-тәтті өмір сүріп келеміз. Бір-біріміздің мәдениетімізді құрметтеп, салт-дәстүрімізді бөлісіп, рухани жақын бола түсеміз. Осындай кең пейілді елде өмір сүріп жатқаным үшін жүрегімде шексіз ризашылық бар. Елімізде әрдайым тыныштық орнап, бірлігіміз нығая берсін деп тілеймін!

Абдалиев Дастон Муроджанович,
Кентау қаласы Ассамблея жастары төрағасы, өзбек этносының өкілі:



– Қазақстандағы ұлттар арасындағы достықты қалай бағалайсыз?

– Қазақстандағы ұлттар арасындағы достықты мен өте жоғары бағалаймын. Көршілермен, басқа ұлт өкілдерімен тығыз араласатын азамат ретінде күнделікті өмірде түрлі ұлт өкілдерімен қарым-қатынас жасап, олардың бір-біріне деген құрметі мен түсіністігін анық сезінемін. Әртүрлі тіл, дәстүр, мәдениет болғанымен, барлығымызды ортақ мақсат – бейбіт өмір мен тұрақтылық біріктіріп тұрғаны қуантады.

Өз тәжірибемнен мысал ретінде айта аламын, халық арасында жүргенде мен әрқашан адамдардың ашықтығын, бауырмалдығын байқаймын. Бұл – біздің елдің басты байлығы. Өз тәжірибемне сүйене отырып айта аламын, мен көпұлтты ортада араласып, бірге еңбек етіп жүрген жан ретінде ұлттаралық достықтың шынайы мәнін терең сезіндім. Әртүрлі ұлт өкілдерімен бір ұжымда жұмыс істеу мен үшін тек қызмет емес, үлкен өмір мектебі болды. Күн сайын әріптестеріммен пікір алмасып, бір-бірімізден үйреніп, тәжірибе бөлісу арқылы кәсіби ғана емес, тұлғалық Ұлттар арасындағы достықтың арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісім орнап, әр адам өзін еркін әрі қауіпсіз сезіне алады. Сондықтан мен бұл достықты тек бағалап қана қоймай, оны сақтап, нығайту әрбір азаматтың міндеті деп есептеймін. Өйткені бірлік бар жерде береке бар.

Әлия ӘУЕСБЕКОВА

Орман – адамзат тіршілігінің негізі, табиғаттың баға жетпес байлығы. Ол –экологиялық тепе-теңдікті сақтайтын маңызды жүйе. Сондықтан орман алқаптарын қорғау, оны өрттен сақтау және табиғи қалпын бұзбай келешек ұрпаққа жеткізу – әрбір азаматтың ортақ міндеті.



ОРМАН АЛҚАПТАРЫН ҚОРҒАУ – АДАМЗАТТЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Түркістан облысы табиғаты көркем өңірлердің бірі болғанымен, климаты құрғақ әрі жазы өте ыстық аймаққа жатады. Әсіресе, көктем мезгілінің соңынан бастап ауа температурасы күрт жоғарылап, жаз айларында аптап ыстық орнайды. Мұндай жағдай орман өрттерінің туындауына себепті болып табылады. Сол себепті көктем мезгілінен бастап-ақ жазғы маусымға дайындық жұмыстары қарқынды жүргізіледі.

Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Боралдай орманшылығында орман алқаптарын қорғау бағытындағы жұмыстар жыл бойы тоқтаусыз жүргізіледі. Әсіресе, көктем айларында алдағы жазғы аптап ыстыққа дайындық басты назарға алынады. Орманшылар өрт қаупі жоғары аймақтарды бақылайды. Өртке қарсы минералды жолақтар жасау, құрғақ шөптер мен жанғыш қалдықтарды тазарту, өрт сөндіру құралдарын толық дайындау сияқты маңызды шаралар жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, орман алқаптарын тәулік бойы бақылау күшейтіліп, кезекшілік жүйесі ұйымдастырылады. Арнайы техникалар мен құрал-жабдықтар тексеріліп, өрт шыққан жағдайда жедел әрекет ету жоспары нақтыланады. Бұл жұмыстардың барлығы табиғи апаттың алдын алуға бағытталған.

Орманды қорғау тек техникалық шаралармен шектелмейді. Халық арасында түсіндіру, үгіт-насихат жұмыстары да ерекше маңызға ие. Орман қызметкерлері жақын маңдағы елді мекендерге, мектептерге, демалыс орындарына ба-

рып, өрт қауіпсіздігі ережелерін түсіндіреді. Демалушыларға орманда от жақпау, коқыс қалдырмау, темекі тұқылын тастамау сияқты қарапайым талаптарды сақтау қажеттігі ескертіледі. Арнайы ұнпарақшалар таратылып, әр адамның табиғат алдындағы жауапкершілігі насихатталады.

Боралдай орманшылығында табиғатты қорғау мақсатында бірқатар тыйымдар енгізілген. Орман аумағында кен өндіру, құрылыс жүргізу, аң-құс ату, балық аулау, мал жаю, ағаш кесу сияқты табиғатқа зиян келтіретін әрекеттерге жол берілмейді. Бұл талаптардың орындалуы тұрақты бақылауда болады. Орманшылардың негізгі міндеттеріне орман қорын қорғау, тиімді пайдалану, ормандарды молықтыру, жануарлар дүниесін сақтау және өрттің алдын алу жатады. Сонымен қатар, орманды қалпына келтіру, көшет отырғызу, экожүйені сақтау бағытындағы жұмыстар да жүйелі түрде жүргізіледі.

Орман алқаптарын қорғау – тек арнайы мекемелердің ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ ісі. Бүгінгі атқарылған еңбек ертеңгі ұрпақтың игілігіне қызмет етеді. Сондықтан әрбір адам табиғатпен үйлесімді өмір сүріп, қоршаған ортаны қорғауға өз үлесін қосуы тиіс.

Нәбихан МЕЙРАСБЕК,
Бадам орман және жануарлар әлемін қорғау жөніндегі коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қарасты Боралдай орманшылығының орман шебері

«КІТАПХАНАШЫ ОҚИДЫ» ЖОБАСЫ ЖАЛҒАСУДА

Түркістан облыстық «Фараб» әмбебап ғылыми кітапханасының ұйымдастыруымен бастау алған «Кітапханашы оқиды» жобасы кітапханашыларды ортақ оқырман клубына біріктіруге, кәсіби тәжірибе алмасуға және кітап оқу мәдениетін арттыруға мүмкіндік береді. Клуб жобасының жұмысы мотивациялық, менеджмент, коммуникация және мәдениет саласындағы кітаптарды қамтиды. Кітапханашылар әр ай сайын алдын ала бекітілген кітапты барлық аудан бойынша сол бағытта оқып, талқылау жіргізеді. Талқылау онлайн және офлайн форматта өтеді.

Аталған жобаға сәйкес Арыс қаласының кітапханашыларына сәуір айында ауған жазушысы Халед Хоссейнидің «Жарқыраған мың күн» атты кітабын онлайн форматта оқуға ұсынылды. Роман екі басты кейіпкер – Мариям мен Ләйләнің өмірі туралы. Мариям – қоғамнан шеттетілген, тауқыметті көп көрген әйел, оны өзі-нен едәуір үлкен қатал етікші Рашидке тұрмысқа береді. Зиялы отбасында дүниеге келген, жоғары білім алуды армандаған бақытты қыз Ләйлә да Рашидтің үйіне әйел болып келеді. Рашидтің қатыгездігіне қарамастан екі әйелдің арасында

шынайы достық қалыптасады, Мариям Ләйләні қорғау үшін үлкен құрбандыққа барады. Ал Ләйлә жаңа өмір бастауға мүмкіндік алады.

Шығарма әйел тағдыры, аналық махаббат, достық, төзімділік пен үміт туралы. Соғыс қанша қажытып ауыр болса да, адам жүрегіндегі мейірім мен сенім ешқашан сөнбейтінін көрсетеді.

Майра БЫДЫРЫСОВА,
Арыс қаласының Орталық кітапхана әдіскері

ҚОҒАМҒА ДЕГЕН АДАЛДЫҚ ӘР АДАМНЫҢ ӨЗІНЕН БАСТАЛАДЫ

Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік – қазіргі қоғамның басты қағидаларының бірі. Бұл ұстаным әрбір азаматтың парақорлыққа, әділетсіздікке және заңсыз әрекеттерге ешқашан жол бермеуін білдіреді. Яғни, «аздап болса да болады» деген түсінікке орын жоқ – кез келген жемқорлық әрекетке қатаң қарсы тұру қажет.

Мүлдем төзбеушілік мәдениеті ең алдымен санандан басталады. Егер адам пара беруді немесе алуды қалыпты нәрсе деп қабылдаса, онда қоғамда әділдік орнамайды. Ал әрбір азамат заңды құрметтеп, адалдықты бірінші орынға қойса, жемқорлықтың тамырына балта шабылады. Сондықтан бұл ұстаным тек заңмен емес, тәрбие мен сана арқылы да қалыптасады.

Білім беру жүйесі бұл бағытта ерекше рөл атқарады. Мектептен бастап жастарға адал еңбек, әділдік, жауапкершілік сияқты құндылықтарды үйрету қажет. Себебі ертеңгі қоғамды құратын – бүгінгі жас ұрпақ. Егер олар сыбайлас жемқорлыққа қарсы берік көзқараспен өссе, болашақта таза қоғам қалыптасады.

Сонымен қатар, мемлекеттік органдардың ашықтығы мен есептілігі де маңызды. Қызмет көрсету процесстерін цифрландыру, қоғам бақылауын күшейту, заң бұзғандарға қатаң жаза қолдану – мүлдем төзбеушілік саясатын іске асырудың тиімді жолдары. Бұл шаралар халықтың билікке деген сенімін арттырады.

Сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік – тек ұран емес, ол күнделікті өмірде жүзеге асырылатын нақты әрекет болуы тиіс. Әр адам өзінен бастап адалдықты сақтаса, қоғамда әділдік пен сенім орнайды.

Ж.СУЛЕЙМЕНОВ,
Еңбекші ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы

Біле жүріңіз

ҰЙҚЫДАН ОЯНА САЛА КҮНГЕ ҚАРАУ ДЕНСАУЛЫҚТЫ РЕТТЕЙДІ

Оянғаннан кейінгі алғашқы 30 минутта миыңыз өте сезімтал болады. Осы уақыт аралығында ми ұйқыға тән тета және альфа толқындарынан толық ояу күйге ауысады. Нейробиология саласындағы зерттеулер таңертеңгі әдеттердің дофамин реттелуіне, кортизол уақытына, циркадтық ырғақтың сәйкес келуіне және когнитивті қабілетке әсер ететінін көрсетеді.

Оянғаннан кейін көп ұзамай табиғи жарыққа шығу мидың ішкі сағаты супрахизматикалық ядроны реттеуге көмектеседі. Бұл көңіл-күйді, сергектікті және түндегі ұйқы сапасын жақсартады. Су ішу ұйқыдан кейінгі сұйықтық теңгерімін қалпына келтірсе, тіпті аз ғана қозғалыс мидағы қан айналымын жақсартып, зейін мен сергектікке жауап беретін жүйке жүйелерін іске қосады. Бұл кезеңде ми өте қабылдағыш күйде болатындықтан, сіз қабылдаған ақпарат пен әдеттер күннің қалған бөлігіндегі зейініңізді, стресс деңгейіңізді және шешім қабылдау қабілетіңізді қалыптастырады. Қарапайым тілмен айтқанда: таңды қалай бастағаныңыз миыңызды алдағы уақытқа бағдарлайды (программалайды). Адамдардың 70 пайызы бұған мүлдем мән бермейді. Міне, нейроғылым дәлелдеген таңғы 5 әдет:

1. Оянғаннан кейінгі 10 минут ішінде көзіңізге табиғи күн сәулесінің түсуін қамтамасыз етіңіз. Бұл сіздің циркадтық сағатыңызды іске қосады, серотонинді көтереді және кортизолды реттеуге көмектеседі. Нәтижесі: жақсы көңіл-күй, жоғары зейін және түнгі сапалы ұйқы.

2. Денеңізді 2-5 минут қозғалтыңыз. Арнайы жаттығу болуы міндетті емес. Қарапайым қозғалыстың өзі мидағы ретикулярлық формацияны (белсендіру жүйесін) іске қосады. Бұл сергектік пен қанайналымды арттырады. Толыққанды жаттығу немесе жай қимыл – қалауыңыз білсін. Жүйке жүйеңізді оятсаңыз болғаны.

3. Бір нақты мақсат қойыңыз. Сіздің миыңыз шындықты өзі маңызды деп санайтын нәрселерге сүйеніп сүзгіден өткізеді. Сіз бір нақты мақсатты таңдап, соған ниет еткенде, миыңыз оған жеткізетін мүмкіндіктерді өзі іздей бастайды.

4. Күніңізді бір кішкентай жесіспен бастаңыз. Үлкен іс тындыру, ұлы ерлік жасау маңызды емес. Бастысы, тапсырма қылып бекіткен бір шаруаны іске асыру. Мәселен, күнде төсегіңіз жиналмай қалып қоя беретін болса, бүгін оны жинау – ояна сала бітірген бірінші тірлігіңіз болсын. Осының өзі кішігірім жеңіс. Осындай кішігірім жеңістер көңілге масаттану сыйлайды. Өз күшіңізге, ойға алған ісіңізді, алға қойған мақсатқа жетуде табанды екеніңізге сендіре түседі. Дофамин бөліп шығарады және мотивациялық күш-қуат береді.

5. Негативтен сақтаныңыз. Ми ұйқыдан тета және альфа толқындары күйінде оянады. Бұл – оның ең көп бағдарламаланатын кезі. Осы сәтте бірден қолға телефон алып, хабарламаларды оқу, әлеуметтік желі қарау дұрыс емес. Мұндай кезде ми бірден стресс сигналдарына толады. Таңертең ми негативке бейім болады. Жағымсыз жаңалықтар, дау-дамай немесе стрестік контент эмоционалды күйіңізді негативті бағытқа бұрады. Бұл күй бірнеше сағат бойы сақталуы, тіпті күні бойына созылуы мүмкін.

Аударған: А. Мейірханқызы,
Ernur.kz

ХАБАРЛАНДЫРУ

«КомфортПроект» ЖШС «Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Е13, Е15, Е26, Е28 көшелерінің (жобалық атаулары) квадратында орналасқан кіріктірілген үй-жайлары мен паркінгі бар көппәтерлі тұрғын үй кешені» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. «КомфортПроект» ЖШС-нің мекен-жайы: Астана қ., Нұра ауд., Қараөткел мөлтек ауд., Қазанат көш., 1/1 ғимарат, тел: +7(700)0802908, БСН 250640026799, e-mail: mpc_alau@mail.ru. Жобалық құжаттама пакетімен танысу және барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде 13 мамыр мен 19 мамыр (қоса алғанда) аралығында мүмкін болады. Қосымша ақпаратты: +7(702)2309090 телефоны бойынша алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «КомфортПроект» сообщает о том что, состоятся общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями и паркингом, в г. Астана, район "Нұра" в квадрате улиц Е13, Е15, Е26, Е28 (проектные наименования). Адрес ТОО «КомфортПроект»: г. Астана, рн. Нұра, мкр. Қараөткел, ул. Қазанат, зд. 1/1, тел.: +7(700)0802908, БИН 250640026799, e-mail: mpc_alau@mail.ru. С пакетом проектной документации можно ознакомиться, а также оставить замечания и/или предложения будет возможно в срок с 13 по 19 мая (включительно) на информационной системе ndbecology.gov.kz. Дополнительную информацию можно получить по телефону: +7(702)2309090.

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА ӘСКЕРИ ПРОКУРАТУРА ҚАЛАЙ ҚЫЗМЕТ ЕТТІ?

Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында прокуратура органдары тек елдің қорғанысы үшін қызмет атқарған. Әскери прокуратураның негізгі мақсаты тылдағы заңдардың сөзсіз орындалуын және жұмыс істеп тұрған Қызыл Әскерді үздіксіз тылмен қамтамасыз ету болған. Сонымен қатар, әскери прокурорлар өздерінің әскери және қызметтік парызын лайықты орындап, соғыс даласында нағыз батылдық танытты.

Соғыс басталған сәттен бастап 1942 жылдың тамызына дейін прокуратураның 885 қызметкерінің 441-і майданға аттанды. Майдандар, әскерлер, корпусстар мен дивизиялардың әскери прокуратуралары құрылған. Сол уақытта Қазақстан аумағында Алматы гарнизонының әскери прокуратурасы құрылып, Орта Азия әскери округінің әскери прокуратурасы, гарнизондардың және оларға теңестірілген, соның ішінде 40 әскердің әскери прокуратуралары қалыптастырылды және жұмыс атқарды. Сол кезеңде Жамбыл, Семей және Талдықорған облыстарында ірі гарнизондық әскери прокуратуралар жұмыс істеді.

1943 жылдың 1 маусымдағы майдангерлердің тізімдемесі бойынша Қазақстан прокуратура органдарындағы қызметкерлердің 11%-ы ғана жоғары заң білімін алған. Олардың көбі тәжірибелік жұмыс барысында оқып үйренуге және тәжірибе жинақтауға мәжбүр болды. Дегенмен оған қарамастан, прокурорлар соғыс уақытында қиын міндеттерді ойдағыдай шешкен. Қазақ КСР прокуратурасының көптеген қызметкерлері үкіметтік наградаларға ие болғаны мұны растайды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1945 жылғы 26 наурыздағы Жарлығы бойынша 600-ден аса прокуратура қызметкерлері ерекше еңбегі үшін

ордендермен және медальдармен марапатталды. Майданда әскери прокуратураның 278 офицері ерлікпен қаза тапты.

Қазіргі уақытта КСРО-ның ордендері және медальдарымен Қазақстан прокуратурасының 364 қызметкері марапатталды. Соның ішінде 34-і «Қазақ КСР еңбек сіңірген заңгері» құрметті атаққа ие болды. Ел үшін өте қиын кезеңде адал еңбегімен партияның және үкіметтің тарапынан жоғары бағаланған әскери прокурорлар:

- Өтеген Сейітұлы Сейітов – қызметін қарапайым тергеушіден бастап, 40 жылдан аса прокуратура органдарында қызмет атқарған, 1966-1984 жылдары аралығында 18 жыл Қазақ КСР прокуратурасын басқарып, соғыс кезінде Сталинградты қорғаған, үш рет жараланса да қайта қызметке оралған. Жауынгерлік еңбегі үшін «Қызыл жұлдыз», I дәрежелі Отан соғысы және басқа да марапаттармен марапатталды.

- 1941 жылдан 1945 жылға дейін Қиыр шығыс пен үшінші Украина майдандарының әскери прокуратураларында қызмет еткен Әмір Нұрышев Қызыл жұлдыз орденімен және өзге жауынгерлік медальдарымен марапатталған.

- Әбілтай Ерсейітов – Ақтөбе облысындағы Родников ауданы прокуратурасының тергеушісі, Мәскеу қаласын қорғау кезінде ерлікпен қаза тапқан.

- Г.В.Прохоров – 1941 жылдың 26 қыркүйегінде қоршауда шайқас жүргізген полктың командалық пунктінде болған кезде командирлер мен қызыл әскерлердің тобын басқарып, оларды жаудың жоғарғы шебіне шабуылдауға шақырды. Бұл сұрапыл шайқаста Прохоров ерлікпен қаза тапты.

Бүгінде олардың қызметіне деген көзқарасы, борышына, Отанына және кәсібіне деген адалдығы барлығымызға, әсіресе прокуратура қызметкерлерінің жас буыны үшін үлгі болып табылады.

Елімізде тәуелсіздіктің жариялануымен бірге барлық әскери прокуратуралардың тағдыры айқындалды. 1992 жылдың 7 қаңтары-

да Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі Президиумының қаулысымен Қазақстанның аумағында орналасқан әскери прокуратуралар республика прокуратурасы органдарының бірыңғай жүйесіне енгізілді және осы жылдың 17 ақпанында Бас прокуратурада әскери прокуратуралар Басқармасы қалыптастырылып, кейіннен Бас әскери прокуратура болып қайта құрылды. 2005 жылдан бастап Қазақстанның әскери прокуратуралары заңнамалық тәртіпте әскери құралымдар қатарына жатқызылып, оның қызметкерлеріне әскери қызметшілер мәртебесі берілді.

Қазақстанның әскери прокуратурасы – бұл қойылған тапсырмаларды сәтті орындайтын құқық қорғау органы. Бұл тұжырымның жарқын мысалы – Шымкент гарнизонының әскери прокуратурасы. Шымкент гарнизонының әскери прокуратурасы 1971 жылдың мамырында КСРО Бас әскери прокурорының №1 бұйрығына құрылып, Чимкент гарнизонының әскери прокуратурасы деп аталған. Шымкент гарнизоны әскери прокуратурасының жаңа тарихы егемен Қазақстанның жаңа тарихымен тығыз байланысты. Қазіргі уақытта Шымкент гарнизонының әскери прокуратурасы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы мен Бас әскери прокуратураның бөлімшелерінің бірі бола отырып, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының әскери бөлімдерінде және мекемелерінде заңмен жүктелген міндеттерді орындайды. Тарихта әскери прокурорлар прокуратураның қалыптасуы мен дамуында орасан зор қызмет атқарып келеді.

Е. СЫЗДЫҚОВ,
Шымкент гарнизоны
әскери прокурорының орынбасары
әділет подполковнигі

Айтары бар ақпарат

АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕ АУДАРЫЛҒАН АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ҚОЛЖАЗБАСЫ ТАБЫЛДЫ

Тарихшы, аудармашы, жас ғалым Өмірбек Қанай 1918 жылы қолжазба күйінде ағылшын тіліне бетпе-бет аударылған Алаш ардагерлерінің таңдамалы шығармалар жинағын тапқанын мәлімдеді. Ол бұл туралы әлеуметтік желіде жариялады, деп хабарлайды «Адырна».

Ғалымның айтуынша, бұл – қазақ әдебиетінің Еуропаға жеткен ең алғашқы нұсқаларының бірі. Аталған жинаққа Ахмет Байтұрсынұлы, Халел Досмұхамедов, Спандияр Көбеев және өзге де Алаш зиялыларының шығармалары енгізілген. Қолжазба сол кезеңде ағылшын тіліне тікелей аударылып, Еуропа оқырманына ұсынылуға дайындалған.

Өмірбек Қанайдың сөзінше, сирек мұра өткен күзде Германияға жасаған іссапары барысында табылған. Ғалым құжаттың электронды көшірмесін жасап, елге алып келген. «Өткен күзде Германияға барған іссапарымда іздеп тауып, электронды көшірмесін өз қолыммен жасап, алып келген едім. Алдағы уақытта ел игілігіне ұсынамыз», – деді тарихшы. Қазіргі уақытта тарихи еңбекті ғылыми тұрғыда зерделеу жұмыстары жүргізілуде.


БАСТЫ БАҒЫТ: ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ, ЖҰМЫСШЫЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Түркістан облысында еңбек қатынастарын заңдастыру, халықтың әл-ауқатын арттыру, кедейлік деңгейін төмендету бағытындағы жұмыстар күшейтілді. Аталған салалардағы өзекті мәселелер облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен мәжілісте қаралды. Облыс әкімі кемшілікке жол берген жауапты басқарма басшылары мен аудан, қала әкімдеріне сын-ескертпе айтып, жұмысты ширатуды тапсырды.

– Еңбек шарттарын тіркемеген, міндетті зейнетақылары аударылмаған, жазатайым оқиғадан сақтандыру бойынша тиісті шарттарын жасамаған мекемелердің тізімін жасақтап, кемшілікті толық ретке келтіруге қажет. Атаулы әлеуметтік көмек алушылардың санын заңға сай азайтуымыз керек. Ол үшін жаңа жұмыс орындарын ашу, аймақтағы кәсіпорындар мен мекемелермен байланыс орнатып, оларды тиісті жұмысшылармен қамту шараларын күшейтіңіздер. Біздің мақсатымыз – тұрғындарды жұмыспен қамту, кәсіпорындар ашу. Сонда ғана экономика көтеріліп, өзіндік кіріс ұлғаяды, – деді Нұралхан Көшеров.

Жиында облыс әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков баяндама жасап, өңірдегі нақты жағдай мен алдағы міндеттерді айқындады. Түркістан облысы бойынша еңбек қатынастарының рәсімделуі әлі де өзекті мәселе болып отыр. Мемлекеттік еңбек инспекциясының мәліметіне сәйкес, өңірдегі 3329 мекемеде 10449 қызметкермен еңбек шарттары тіркелмеген. Әсіресе, кәсіпкерлік, білім беру, әлеуметтік және ауыл шаруашылығы салаларында мұндай фактілер жиі кездеседі. Бұдан бөлек, 2601 мекемеде 7677 адаммен еңбек шарты жасалмаған, 15234 мекемеде 55790 қызметкерге міндетті зейнетақы жарналары аударылмаған, кейбір мекемелерде қызметкерлер жазата-

йым оқиғалардан сақтандырылмаған. Бұл көрсеткіштер еңбек заңнамасының талаптарын сақтауды күшейтуді және жұмыс берушілердің жауапкершілігін арттыруды талап етеді. Жауаптыларға осы кемшіліктерді жою, жұмысшылардың құқығын қорғау бойынша нақты тапсырмалар берілді.



Облыста халықты әлеуметтік қолдау және кедейлікті азайту бағытында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. 2026 жылы 59062 адамға атаулы әлеуметтік көмек көрсетуге 6,5 млрд теңге қарастырылып, кедейлік деңгейін 2,7%-ға дейін төмендету жоспарланған. Жылдың бірінші тоқсанында 36 890 адамға (5960 отбасы) 1,6 млрд теңге көлемінде көмек тағайындалып, төленді. Облыста кәсіпорындар ашып, жұмыспен қамту нәтижесінде кедейлік деңгейі 1,7%-ға дейін төмендеп, атаулы әлеуметтік көмек алушы-

лар саны 40,7%-ға азайған. Соңғы бес жылда бұл көрсеткіш тұрақты түрде төмендеп, 2022 жылмен салыстырғанда 68,6%-ға қысқарған.

Сонымен қатар Сауран, Отырар және Ордабасы аудандарында жүргізілген мониторинг барысында 675 отбасының тұрмыстық жағдайы зерделеніп, 115 кемшілік анықталды. Оның ішінде 5,3 млн теңге көлеміндегі әлеуметтік көмек негізсіз тағайындалғаны белгілі болып, бұл қаражатты бюджетке қайтару қажеттігі белгіленді. Аталған кемшіліктер бойынша жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар берілді.

Кедейлікті төмендетудің тиімді тетіктерінің бірі ретінде «Ауыл аманаты» жобасы жүзеге асырылып келеді. Сауран ауданы пилоттық аумақ ретінде таңдалып, отбасының цифрлық картасындағы «D» және «E» санатындағы азаматтарды «C» деңгейіне шығару бағытында жұмыстар жүргізілуде. Жоба аясында арнайы жұмысшы топ құрылып, тұрғындарға кооперативтерге бірігу, жеңілдетілген 2,5 пайыздық несие алу және тұрақты жұмысқа орналасу мүмкіндіктері түсіндірілді. Нәтижесінде 32 азамат шағын несие алып, өз кәсібін бастауға ниет білдірсе, 46 адам бұғатталған банктік шоттарын қалпына келтіруге әрекет жасаған. Жобаға «LIHUA GROUP» және «JASYL SUYUQ QAZAQSTAN» сынды инвесторлардың тартылуы жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беріп отыр.

Облыста зауыттар мен өндіріс орындарын ашу, жұмысшыларды заңға сәйкес еңбек шарттары мен зейнетақы төлемдерімен қамту бағытындағы жұмыстар жалғаса береді.

Түркістан облысы әкімінің
баспасөз қызметі

76 ЖАСТАҒЫ АҚСАҚАЛ ПАРИЖГЕ ЖАЯУ БАРЫП, МАРАПАТҚА ИЕ БОЛДЫ

Парижге жаяу жеткен 76 жастағы қазақстандық саяхатшы Сәрсенбай Қотырашов құрметті марапатқа ие болды, деп хабарлайды Tengri Travel тілшісі Туризм және спорт министрлігіне сілтеме жасап.


Бұған дейін желіде Ulytauman деген атпен танымал Сәрсенбай Қотырашов кезекті марафонын аяқтаған болатын. 2026 жылдың 3 наурызынан бастап ақсақал Сербия, Мажарстан, Аустрия, Германия және Францияны жаяу жүріп өтті. 53 күн ішінде ол үш мың шақырымға жуық жолды өткерді. Парижге оны дипломаттар мен ЮНЕСКО өкілдері қарсы алды. Сапар оңай болған жоқ: автобанмен жүруге тыйым салынғандықтан, саяхатшыға жолсыз жерлермен және велосипед соқпақтарымен жүруге тура келді. Ауырлыққа тіпті оның чемодан тиелген арбасы шыдас бермеді, бірақ ақсақалдың өзі жеделі жерге жетті.

Туризм және спорт вице-министрі Серік Жарасбаев белгілі саяхатшы, туризм саласының еңбек сіңірген қайраткері Сәрсенбай Қотырашовқа "Құрметті спорт қызметкері" атағын табыстады. Министрлік 2022 жылы саяхатшы 72 жасында Қазақстанның 17 облысын жаяу аралап, 8 мың шақырым жол жүргенін атап өтті. Осы жетістігі үшін КИЭС отандық рекордтар кітабына енген. "Кейінгі жылдары да ол халық-



аралық деңгейдегі жаяу саяхаттарын жалғастырып келеді. 2023 жылы Атыраудан жолға шығып, Кавказ өңірі мен Грузия арқылы Түркияның Стамбул қаласына жетті. Ал 2024 жылы Өскеменнен бастап Алтай, Моңғолия арқылы Қытай астанасы Бейжіңге дейін барды", – деп хабарлады Туризм министрлігі.

Бұған дейін 2027 жылы Сәрсенбай Қотырашовтың АҚШ-қа саяхат жасап, онда Атлант мұхитынан Тынық мұхиты жағалауына дейін сегіз штатты жаяу аралауды жоспарлап отырғаны хабарланған еді. Ол қазақстандықтарға күн сайын жаяу жүруге және өз-өзін үнемі дамып, өз күшіне сенуге кеңес береді.



ЕЛІМІЗДЕ МАМЫРДАН БАСТАП ВИРТУАЛДЫ ИМАМ ІСКЕ ҚОСЫЛМАҚ

Енді діни сұрақтарға жасанды интеллект жауап береді. Елімізде мамырдан бастап виртуалды имам іске қосылмақ, деп хабарлайды "КТК" арнасы.

Жаңа қосымша дін туралы сұрақтарға тез жауап беруге мүмкіндік береді. Ол имамдарға түсетін жүктемені азайтуға бағытталған. Азаматтардың сұрақтарына берілетін жауап тексерілген әрі сенімді дереккөздерге сүйене отырып беріледі.

Бұл бастама кәте түсіндірмелердің, бұрмаланған ақпараттың және

жалған мәліметтердің таралуына жол бермейді деп күтілуде. Дін саласына жасанды интеллектің енгізілуі – заман талабы, – дейді мұфтият өкілдері.

"Біздің пәтуа бөлімінің дайындаған құнды еңбектері бар, ол жерде дайын сұрақ-жауап форматында. Яғни оразаға қатысты, зекетке қатысты, қажылыққа қатысты, құрбандыққа қатысты, былайша айтқанда, негізгі сұрақтар сол жерге енгізілді. Қазір бұл жобаның 80-90 пайызы дайын, Алла қаласа, күні кеше жиналыс өтті, сол жерде, жалпы бұл жобаны мамыр айының алғашқы жартысында іске қосамыз деп жоспарлап отырмыз", – дейді ҚМДБ Цифрлық даму бөлімінің менгерушісі Тимур Орынханов.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шымкент қаласының» «Білім басқармасы» Мемлекеттік мекемесі білім саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіп орындардың байқау кеңесінің мүшелерін іріктеу бойынша конкурс өткізу туралы хабарлайды.

1. Шымкент қаласының білім басқармасының «А.С. Пушкин атындағы №1 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
2. Шымкент қаласының білім басқармасына қарасты шаруашылық жүргізу құқығындағы «Д.И. Менделеев атындағы №15 мектеп-лицей» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
3. Шымкент қаласының білім басқармасының «З. Космодемьянская атындағы №23 мектеп-лицей» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
4. Шымкент қаласының білім басқармасының «Т.Рыскулов атындағы №25 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
5. Шымкент қаласының білім басқармасының «№28 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
6. Шымкент қаласының білім басқармасының «Н. Оңдасынов атындағы №38 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
7. Шымкент қаласының білім басқармасының «М.Жұмабаев атындағы N39 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
8. Шымкент қаласының білім басқармасының «№45 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
9. Шымкент қаласының білім басқармасының «Т.Тәжібаев атындағы №47 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
10. Шымкент қаласының білім басқармасының «Ы.Алтынсарин атындағы №65 мектеп-гимназиясы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
11. Шымкент қаласы білім басқармасының «С.Нұрмағамбетов атындағы N72 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
12. Шымкент қаласының білім басқармасының «№88 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
13. Шымкент қаласының білім басқармасының «№130 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
14. Шымкент қаласының білім басқармасының «№136 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.
15. Шымкент қаласының білім басқармасының «№137 жалпы орта білім беретін мектебі» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«NurAtna Qala» ЖШС «Астана қаласы, «Сарайшық» ауданы, Жүмекен Нәжімеденов көшесі, 5/2 жер телімінде орналасқан «біріктіріп салынған үй-жайлары, паркінг мен трансформаторлық қосалқы станциясы бар көпәтегі тұрғын үй кешені» жұмыс жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша қоғамдық талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды. «NurAtna Qala» ЖШС-нің мекенжайы: Астана қ., Нұра ауд., Тұран даңғ., 46/1 ғим., тел: +7(707)8210998, БСН 250640028537, e-mail: magnum1-2@mail.ru Жобалық құжаттама пакетімен танысу және барлық ескертулер мен ұсыныстар ndbecology.gov.kz ақпараттық жүйесінде 13 мамыр мен 19 мамыр (қоса алғанда) аралығында мүмкін болады. Қосымша ақпаратты: +7(702)2309090 телефоны бойынша алуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Государственное учреждение «Управления образования города Шымкент» объявление конкурс по отбору членов наблюдательных советов а следующие государственные коммунальные предприятий на праве хозяйственного ведения.

1. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Школа-гимназия №1 имени А.С. Пушкина» управления образования города Шымкент.
2. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Школа-лицей №15 имени Д.И. Менделеева» управления образования города Шымкент.
3. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Школа-лицей №23 имени З. Космодемьянской» управления образования города Шымкент.
4. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Школа-гимназия №25 имени Т.Рыскулова» управления образования города Шымкент.
5. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Общеобразовательная средняя школа №28» управления образования города Шымкент.
6. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Школа-гимназия №38 имени Н.Ондасынова» управления образования города Шымкент.
7. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Общеобразовательная средняя школа N39 имени М.Жумабаева» управления образования города Шымкент.
8. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Школа-гимназия №45» управления образования города Шымкент.
9. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Школа-гимназия №47 имени Т.Тәжібаева» управления образования города Шымкент.
10. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Школа-гимназия №65 имени Ы.Алтынсарина» управления образования города Шымкент.
11. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Общеобразовательная средняя школа N72 имени С.Нурмағамбетова» управления образования города Шымкент.
12. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Общеобразовательная средняя школа №88» управления образования города Шымкент.
13. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Общеобразовательная средняя школа №130» управления образования города Шымкент.
14. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Общеобразовательная средняя школа №136» управления образования города Шымкент.
15. Государственное коммунальное предприятие на праве хозяйственного ведения «Общеобразовательная средняя школа №137» управления образования города Шымкент.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «NurAtna Qala» сообщает о том что, состоится общественные слушания в форме публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Многоквартирный жилой комплекс со встроенными помещениями, паркингом и трансформаторной подстанцией», распо-ложенный по адресу: город Астана, район «Сарайшық», улица Жүмекен Нәжімеденов, уч. 5/2». Адрес ТОО «NurAtna Qala»: г. Астана, рн. Нұра, пр. Тұран, злд. 46/1, тел.: +77(707)8210998, БИН 250640028537, e-mail: magnum1-2@mail.ru С пакетом проектной документации можно ознакомиться, а также оставить замечания и/или предложения будет возможно в срок с 13 по 19 мая (включительно) на информационнои системе ndbecology.gov.kz. Дополнительную информацию можно получить по телефону: +7(702)2309090.

Редакция мекен-жайы: Шымкент қаласы, Ақпан батыр көшесі, 7. E-mail: kyzmet_kz@mail.ru



Меншік иесі:
«Қызмет Газеті» ЖШС

Директор:
Бейсенқұл НАРЫМБЕТОВА

Бас редактор:
Мақпал ҚҰРБАНҚЫЗЫ
Тілші:
Сейдалы ДҮЙСЕБАЙҰЛЫ
Әлия ӘУЕСБЕКОВА
Тарату бөлімі:
Дина ХАЙМЕТОВА
+7771 66 88 765,
+7775 650 27 75

Газет 2009 жылдың 29 мамырында ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымдарын есепке алу туралы №10166-Г куәлігі берілген.

Редакция авторлар мақаласына, жарнама мазмұнына жауап бермейді. Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды. «Қызмет» газетінде жарияланған материалдар мен суреттерді көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті. Газетте жарияланған жарнама мәтіні мен сапасына редакция жауап бермейді. Газеттің кейбір материалдары мен суреттері интернет желісінен алынған.

Газет жұма күндері шығады
Газет «M-press» ЖШС Баспа үйінде басылды. Шымкент қаласы, А.Байтұрсынов к-сі, 18-үй
Таралымы 3100 дана. Тапсырыс